



## Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 2 ақпандағы № 1167 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы  
Президенті мен Үкіметі  
актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарттың жобасы мақұлданып.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Ноғайұлы Асылықовқа Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2026 жылғы 2 ақпандағы  
№ 1167 Жарлығымен  
МАҚҰЛДАНҒАН  
Жоба

## Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы

### ұстап беру туралы ШАРТ

Бұдан әрі "Уағдаласушы мемлекеттер" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы

экстрадиция мәселелеріндегі екіжақты ынтымақтастыққа ықпал етуге және оны нығайтуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

### 1-бап

#### Ұстап беру міндеттемесі

Әрбір Уағдаласушы мемлекет екінші Уағдаласушы мемлекеттің сұрау салуы бойынша ұстап беруге алып келетін қылмыстың осы Шарт күшіне енгенге дейін немесе

одан кейін орын алғанына қарамастан, осындай қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе заңды күшіне енген сот үкімін орындау үшін Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органдары іздестіріп жатқан өзінің аумағындағы кез келген адамды осы Шарттың талаптарына және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес ұстап беруге міндеттенеді.

## **2-бап**

### **Ұстап беруге алып келетін қылмыстар**

1. Осы Шарттың мақсатында ұстап беруге алып келетін қылмыстар деп Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің де ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық жазаланатын болып табылатын және жасағаны үшін кемінде бір (1) жыл немесе одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделетін қылмыстар танылады.

2. Егер ұстап беру туралы Сұрау салу өзіне қатысты ұстап беруге алып келетін кез келген қылмыс үшін бас бостандығынан айыру түрінде сот үкімін орындау үшін іздестіріліп жатқан адамға қатысты болса, онда ұстап беру Сұрау салу жіберілген кезде адамның өтелмеген жаза мерзімі кемінде алты (6) ай болған жағдайда ғана мүмкін болады.

3. Қылмысты осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындаған кезде Уағдаласушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасы осы қылмысты құрайтын іс-әрекеттің қылмыстардың ұқсас санатына жатқызатыны немесе осы қылмыс бірдей немесе әртүрлі терминологиямен белгіленетіні маңызды емес.

4. Егер адамды ұстап беру адамның салық салуға, кедендік баждарға, валюталық бақылауға немесе кіріспен байланысты басқа да мәселелерге қатысты қандай да бір заңнаманы бұзғаны үшін сұратылса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасында салықтың немесе баждың ұқсас түрі көзделмеген немесе Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасында қамтылғанға ұқсас салықтар, кедендік баждар немесе валюта айырбастау туралы қандай да бір ереже қамтылмаған деген негізде ұстап беруден бас тартылмайды.

5. Егер қылмыс Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің аумағынан тыс жерде жасалса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасында осындай мән-жайлар болған кезде оның аумағынан тыс жерде жасалған қылмыстар үшін қылмыстық қудалау көзделген жағдайда ұстап беру жүзеге асырылады.

6. Егер адамды ұстап беру туралы сұрау салу қылмыстың әрқайсысы Уағдаласушы мемлекеттің екеуінің де ұлттық заңнамасына сәйкес жазаланатын және олардың кейбіреулері осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген белгілерді қамтымайтын екі немесе одан да көп қылмысқа қатысты болса, онда Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет адамды барлық қылмысқа қатысты ұстап беруге рұқсат беруге құқылы.

### 3-бап

#### Ұстап беруден бас тарту үшін міндетті негіздер

Егер:

а) ұстап беру сұратылатын қылмысты Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет саяси қылмыс деп қараса, ұстап беруден бас тартылады. Осы Шарттың мақсаттарында мынадай:

i) адам өлтіру немесе абайсызда кісі өлтіру;

ii) өлімге, денсаулыққа ауыр зиян келтіруге не елеулі мүліктік залал келтіруге алып келген атыс қаруын, жарылғыш, тұтандырғыш немесе зақымдаушы құрылғыларды не заттарды қолдана отырып жасалған қылмыс;

iii) Сұрау салу жіберілген кезде Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес саяси қылмыс деп танылмайтын, терроризмге байланысты қылмыстар;

iv) кәмелетке толмаған адамды ұрлау, адам ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру немесе кепілге алуды қоса алғанда, заңсыз ұстап тұру;

v) Уағдаласушы мемлекеттердің екеуі де көпжақты халықаралық шартқа сәйкес іздестіріліп жатқан адамды ұстап беруге не істі қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін құзыретті органдарға беруге міндетті болатын кез келген басқа қылмыс өз сипаты бойынша саяси қылмыс болып саналмайды;

b) Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұстап беру туралы сұрау салу адамды нәсілдік белгісі, діни сенімі, ұлты, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, этностық тиесілігі, саяси көзқарасы бойынша қылмыстық қудалау немесе жазалау мақсатында жалпы қылмыс үшін жіберілген немесе осындай адамның жағдайы осы себептермен айтарлықтай нашарлауы мүмкін деп пайымдауға орынды негіздер болса;

c) осыған байланысты ұстап беру туралы сұрау салу жіберілген қылмыс Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес өлім жазасымен жазаланатын болса, бірақ Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша өлім жазасымен жазаланбайтын болса, егер Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекетке ұстап беру сұратылып отырған адамға өлім жазасы тағайындалмайтыны, ал тағайындалған жағдайда орындалмайтыны туралы жеткілікті кепілдіктер бермесе ғана;

d) сұрау салу алынған кезде Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес ескіру мерзімдерінің өтуі салдарынан не Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес басқа себептермен қылмыстық қудалауды бастау немесе үкімді орындау мүмкін болмаса, ұстап беруден бас тартылады

. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет ескіру мерзімдерін есептеу кезінде Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің аумағында туындаған осы мерзімдерді үзуге немесе тоқтата тұруға байланысты кез келген әрекетті немесе мән-жайларды ескеруге тиіс;

е) ұстап беру сұратылып отырған адамды сол іс-әрекеттері үшін Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органдары соттаған болса;

ғ) Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет адамды ұстап беру егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе оның өзге де елеулі мүдделеріне нұқсан келтіреді не оның ұлттық заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келеді деп есептесе;

г) қылмыс тек қана әскери қызметтегі бұзушылықпен байланысты болса, ұстап беруден бас тартылады.

#### **4-бап**

##### **Ұстап беруден бас тарту үшін факультативтік негіздер**

Мына мән-жайлардың кез келгенінің негізінде:

а) егер ұстап беру сұратылып отырған қылмыс Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің аумағында жасалса және оның юрисдикциясына жатса және іздестіріліп жатқан адам ұстап беру туралы сұрау салу келіп түскен дәл сол қылмыс үшін тергеуде болса және оны Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органдары қудалайтын болса;

б) егер Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет қылмыстың ауырлық дәрежесін және Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің мүдделерін назарға ала отырып, адамды ұстап беру іздестіріліп жатқан адамның жасына, денсаулығына немесе жеке басының өзге де мән-жайларына байланысты ізгілік түсініктерімен үйлеспейді деп есептесе, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін. Осы жағдайларда ұстап беруден бас тартудың орнына Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет ұстап беру іздестіріліп жатқан адам үшін ауыр салдар келтіреді деп пайымдауына себептер жойылғанға дейін ұстап беруді кейінге қалдыруға құқылы. Бұл үшін шешім қабылдамас бұрын Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетпен консультация жүргізуге тиіс;

с) ұстап беру туралы Сұрау салу келіп түскен қылмыс Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің аумағынан тысқары жерде жасалса, бірақ оның мүдделеріне қарсы бағытталса, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін.

#### **5-бап**

##### **Өз азаматтарын беру**

1. Уағдаласушы мемлекеттердің өз азаматтарын ұстап беруіне жол берілмейді.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің сұрау салуы бойынша адамды қылмыстық қудалауды жүзеге асырады немесе Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес шығарған заңды күшіне енген үкімді орындайды. Осы мақсат үшін Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет осы Шарттың 6-бабында көрсетілген орталық органдар арқылы қылмыстық істі, сот шешімдерін, дәлелдемелерді және өз иелігіндегі кез келген басқа да тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсынады.

3. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке іс бойынша сот талқылауы туралы және қабылданған түпкілікті процестік шешім туралы сұрау салу бойынша қолданылған іс-қимыл туралы уақтылы хабарлайды .

4. Егер ұстап беруге жататын адам берілгенге дейін Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығын алса, онда осы баптың 2-тармағының ережелері қолданылады .

## **6-бап**

### **Орталық органдар**

1. Осы Шарттың мақсаттары үшін Уағдаласушы мемлекеттер айқындаған орталық органдар тікелей немесе дипломатиялық арналар арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

2. Орталық органдар мыналар:

Қазақстан Республикасы үшін - Бас прокуратура;

Үндістан Республикасы үшін - Сыртқы істер министрлігі.

3. Әрбір Уағдаласушы мемлекет орталық органдарға қатысты кез келген өзгерістер мен толықтырулар туралы екіншісіне дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды.

## **7-бап**

### **Ұстап беру туралы сұрау салу және қоса берілетін құжаттар**

1. Ұстап беру туралы сұрау салу жазбаша нысанда жасалады және мыналарды:

а) іздестіріліп жатқан адамның аты мен тегін, туған күнін, жынысын, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді және жеке басын және тұрған жерін сәйкестендіруге ықпал ете алатын кез келген басқа да ақпаратты, сондай-ақ бар болса, тану деректерін, фотосуреттерін және саусақ іздерін;

б) қылмыс жасалған күнді және орынды көрсете отырып, осыған байланысты ұстап беру сұратылып отырған қылмыстың мән-жайлары туралы ақпаратты;

с) осыған байланысты ұстап беру сұратылып отырған, қылмысты саралайтын және осындай қылмыс үшін жазаны көздейтін тиісті заңның мәтінін;

д) осыған байланысты ұстап беру сұратылып отырған, қылмыстық қудалаудың немесе жазаны орындаудың уақытын шектеуге қатысты тиісті заңның мәтінін және оның қылмысқа қатысты қолданылуы туралы ақпаратты;

е) осыған байланысты ұстап беру сұратылып отырған, Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің аумағынан тысқары жерде жасалған қылмыс үшін Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің юрисдикциясын көздейтін тиісті заңның мәтінін қамтиды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қосымша ретінде ұстап беру туралы сұрау салуға:

а) егер Сұрау салу қылмыстық қудалауға байланысты болса, Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес берілген және оның соты/құзыретті органы куәландырған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының немесе айыптау актісінің, қамаққа алуға арналған ордердің немесе осындай күші бар басқа да шешімнің түпнұсқасы немесе көшірмесі;

б) егер сұрау салу үкімді орындауға байланысты болса, Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органы куәландырған заңды күшіне енген сот үкімінің көшірмесі және жаза өтелген және әлі өтелуі тиіс кезеңі көрсетілген құжат қоса берілуге тиіс.

3. Егер адам сырттай сотталған болса, егер Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекетке осы адамның қорғалу құқығына кепілдік беретін сотта қайта қарауға құқығы бар екеніне кепілдік берсе, ұстап беру қанағаттандырылуы мүмкін.

## **8-бап**

### **Қосымша ақпарат**

1. Егер ұстап беру туралы Сұрау салуға қоса берілетін ақпарат Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің осы Шартқа сәйкес шешім қабылдауы үшін жеткіліксіз болса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет қосымша ақпарат ұсынуды сұратуға құқылы. Сұратылып отырған қосымша ақпарат әрбір жағдайда тараптармен келісілген мерзімде ұсынылуға тиіс.

2. Егер іздестіріліп жатқан адам қамаққа алынған болса және сұрау салынатын қосымша ақпарат осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде алынбаса, адам күзетпен ұстаудан босатылуы мүмкін. Дегенмен мұндай босату кейін сұратылған қосымша ақпарат келіп түскен кезде іздестіріліп жатқан адамның қайта қамаққа алынуына және ұстап берілуіне кедергі келтірмеуге тиіс.

3. Егер іздестіріліп жатқан адам осы баптың 2-тармағына сәйкес күзетпен ұстаудан босатылса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет бұл туралы босатылған күннен бастап үш (3) тәулік ішінде Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке хабарлауға тиіс.

## **9-бап**

### **Құжаттардың жарамдылығы**

1. Уағдаласушы мемлекеттердің орталық немесе уәкілетті органдары куәландырған құжаттар іздестіріліп жатқан адамды ұстап беру рәсімінде бұдан әрі сертификаттаусыз, төлнұсқалығын анықтаусыз немесе заңдастырусыз жарамды болуға тиіс.

2. Іздестіріліп жатқан адамды ұстап беру туралы сұрау салу және қажетті құжаттар Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің тілінде жасалуға және Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің тіліне немесе ағылшын тіліне куәландырылған аудармасымен қоса берілуге тиіс.

## **10-бап**

### **Ұстап беру туралы Сұрау салу бойынша шешім**

1. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет осы Шарттың ережелеріне және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес ұстап беру туралы Сұрау салу бойынша шешім қабылдайды және Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке өзінің шешімі туралы дереу хабарлайды.

2. Егер Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет ұстап беру туралы сұрау салуды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартса, ол өз шешімін негіздеуге тиіс.

3. Ұстап беруден қажетті құжаттардың болмауы себебінен бас тартылған жағдайда, Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет ұстап беру туралы жаңа сұрау салу жіберуге құқылы. Ұстап беру туралы жаңа Сұрау салу жіберілген кезде бұл талаптар ескерілуге тиіс.

4. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес іздестіріліп жатқан адам Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органына өзін ұстап беруге келісімді ерікті түрде берген жағдайда, Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттен алдын ала қамаққа алу туралы Сұрау салуды алғаннан кейін іздестіріліп жатқан адамды ұстап беру туралы сұрау салуды қанағаттандырады. Мұндай келісімнің күші жойылмайды.

## **11-бап**

### **Арнаулы қағида**

1. Осы Шартқа сәйкес ұстап берілген адам, ұстап берілген қылмысынан басқа, мынадай:

- a) адам осы баптың 1-тармағында көзделген кепілдіктерден бас тартқан;
- b) қылмыс ұстап берілгеннен кейін жасалған;

с) ұстап берілген адам ұстап берілгеннен кейін Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің аумағынан кетіп қалған және өз еркімен қайтып оралған;

д) ұстап берілген адам Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің аумағынан кетуге мүмкіндігі болған кезден бастап отыз (30) тәуліктің ішінде кетпеген жағдайларды қоспағанда, өзі ұстап берілгенге дейін жасалған кез келген өзге қылмыс үшін қылмыстық қудалауға тартылмайды, сотталмайды немесе жазаға не бостандығын шектеудің өзге де шараларына тартылмайды. Алайда бұл кезеңге жоғарыда көрсетілген адам Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің аумағынан өзіне қатысты емес себептермен кете алмаған уақыт кірмейді;

е) Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет бұған келісім беріп, оны алу үшін осы Шарттың 7-бабында көрсетілген құжаттарды және осы мәселе бойынша көрсетілген адам жасаған өтінішті қоса бере отырып сұрау салынған жағдайларды қоспағанда, өзі ұстап берілгенге дейін жасалған кез келген өзге қылмыс үшін қылмыстық қудалауға тартылмайды, сотталмайды немесе жазаға не бостандығын шектеудің өзге де шараларына тартылмайды. Егер әрбір нақты жағдайда осы Шартта белгіленген ұстап беру талаптары сақталса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет келісімін береді. Сұрау салу бойынша шешім қабылданғанға дейінгі кезеңде ұстап берілген адам Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетте оның ұлттық заңнамасына сәйкес күзетпен ұсталуы мүмкін;

ф) атауы басқа, бірақ ұстап беру қанағаттандырылған қылмыс сияқты фактілерге негізделген қылмыс үшін, егер мұндай қылмыс алғашқы қылмыстың онша ауыр емес түрі болса немесе ол ұстап беруге алып келетін жағдайларды қоспағанда, өзі ұстап берілгенге дейін жасалған кез келген өзге қылмыс үшін қылмыстық қудалауға тартылмайды, сотталмайды немесе жазаға не бостандығын шектеудің өзге де шараларына тартылмайды.

2. Осы Шартқа сәйкес Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің келісуінсіз Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет адамды ұстап бергенге дейін жасаған кез келген қылмысы үшін экстрадициялай алмайды немесе үшінші мемлекетке бере алмайды.

3. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет осы Шарттың 7-бабында көрсетілген құжаттарды беруді сұратуға құқылы.

## **12-бап**

### **Ұстап берудің оңайлатылған рәсімі**

Егер іздестіріліп жатқан адам ұстап берілуіне келіссе, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет, егер ол ұлттық заңнамасында көзделген болса, бұл адамды Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке әрі қарай рәсімдерді жүргізбей мүмкіндігінше қысқа мерзімде бере алады.

## 13-бап

### Алдын ала қамаққа алу

1. Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің алдын ала қамаққа алу туралы сұрау салуы бойынша ұстап беру туралы сұрау салуды алғанға дейін Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органдары іздестіріліп жатқан адамды қамаққа алуы мүмкін.

2. Алдын ала қамаққа алу туралы сұрау салу тікелей орталық органдар арасында не Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының (ИНТЕРПОЛ) жәрдемдесуімен жіберілуі мүмкін және электрондық байланыс құралдары пайдаланыла отырып берілуі мүмкін. Сұрау салудың түпнұсқасы бір уақытта пошта арқылы жіберілуге тиіс.

3. Алдын ала қамаққа алу туралы Сұрау салу мыналарды:

- a) іздестіріліп жатқан адамның сәйкестендіру деректері мен азаматтығы туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның сипаттамасын;
- b) егер белгілі болса, оның орналасқан жері туралы мәліметтерді;
- c) қылмыстың қысқаша сипаттамасын, оның жасалған уақыты мен орнын;
- d) қылмыстық заңның қолданылатын ережелерін;
- e) соттың іздестіріліп жатқан адамға қатысты қолданыстағы шешімі немесе қамаққа алу ордері немесе қолданыстағы үкімі туралы мәліметтерді; және
- f) іздестіріліп жатқан адамды ұстап беру туралы сұрау салу қысқа мерзімде ұсынылатынына кепілдікті қамтуға тиіс.

4. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке оның Сұрау салуын қарау нәтижелері туралы дереу хабарлайды.

5. Егер Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық заңнамасында алдын ала қамаққа алу үшін белгіленген мерзім ішінде Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет ұстап беру туралы сұрау салуды және осы Шарттың 7-бабында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынбаса, қамаққа алынған адам босатылуға жатады.

Егер Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет кейіннен ұстап беру туралы сұрау салуды алса, адамды мұндай босату ұстап беру мақсатында қайтадан қамаққа алуды жокқа шығармайды.

## 14-бап

### Бірнеше мемлекеттен ұстап беру туралы сұрау салулар

1. Егер Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет бір адамға қатысты екі немесе одан да көп мемлекеттен, оның ішінде Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттен де бір немесе әртүрлі қылмыс үшін ұстап беру туралы Сұрау салуларды алса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет осы адамды қай мемлекетке ұстап беретіні туралы шешім қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес шешім қабылдай отырып, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет мыналарды:

- a) сұрау салудың халықаралық шартқа сәйкес жіберілген-жіберілмегенін;
- b) қылмыс жасалған жер мен уақытты;
- c) сұрау салушы мемлекеттердің мүдделерін;
- d) қылмыстардың ауырлық дәрежесін;
- e) іздестіріліп жатқан адамның азаматтығын;

f) сұрау салушы мемлекеттер немесе кез келген басқа мемлекет арасында кейіннен ұстап беру мүмкіндігін; және

g) сұрау салулардың түскен күнін қоса алғанда, барлық тиісті мән-жайларды ескеруге тиіс.

## **15-бап**

### **Ұстап берілген адамды беру**

1. Егер ұстап беру туралы сұрау салу қанағаттандырылса, Уағдаласушы мемлекеттер беруге байланысты күнді, орынды және кез келген басқа да тиісті шарттарды дереу келіседі. Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке ұстап беру мақсатында іздестіріліп жатқан адамның күзетпен ұсталған кезеңнің ұзақтығы туралы хабарланады. Бұл кезең бас бостандығынан айыру түрінде ықтимал жазалау мерзімінен шегеріледі.

2. Ұстап берілген адамды беру үшін уақыт кезеңі ұстап беру туралы Сұрау салуды қанағаттандыру туралы түпкілікті шешім қабылданған күннен бастап отыз (30) тәулікті құрайды.

3. Егер осы баптың 2-тармағында көрсетілген кезең ішінде Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет ұстап берілген адамды қабылдамаса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет бұл адамды дереу босатады және осы баптың 4-тармағын қолдану жағдайларын қоспағанда, сол қылмысы үшін осы адамға қатысты ұстап беру туралы жаңа Сұрау салуды қабылдамауға құқылы.

4. Ұстап берілген адамды беруге немесе алуға кедергі келтіретін Уағдаласушы мемлекеттерге байланысты емес мән-жайлар кезінде орталық органдар беру үшін жаңа күн мен басқа да қажетті шарттарды келісуге тиіс. Бұл жағдайда осы баптың 3-тармағының ережелері қолданылады.

5. Егер берілгеннен кейін ұстап берілген адам қылмыстық қудалаудан жасырынса немесе сот үкімін орындаудан жалтарса және Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің аумағына қайтып оралса, онда бұл адам ұстап беру туралы жаңа сұрау салу негізінде қайта ұстап берілуі мүмкін. Бұл жағдайда ұстап беру туралы сұрау салуға осы Шарттың 7-бабында тізбеленген құжаттарды қоса беру талап етілмейді.

## 16-бап

### **Ұстап беруді кейінге қалдыру немесе уақытша ұстап беру**

1. Егер Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекетте іздестіріліп жатқан адамға қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылса немесе ол ұстап беру сұратылатыннан өзге қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеп жатса, Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет адамды ұстап беру туралы шешім қабылданғаннан кейін оны беруді сот талқылауы аяқталғанға дейін немесе үкім толық орындалғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы. Мұндай кейінге қалдыру жағдайында Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет бұл туралы Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетті дереу хабардар етеді.

2. Егер ұстап беруді кейінге қалдыру істі тергеп-тексеруді едәуір қиындатса немесе ескіру мерзімдерінің аяқталуына алып келсе, онда Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің сұрау салуы бойынша Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет іздестіріліп жатқан адамды өзара келісілген шарттармен уақытша ұстап беруге құқылы. Уақытша ұстап берілген адам Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің аумағында болған кезең ішінде күзетпен ұсталуға және тараптар келіскен мерзімде Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекетке қайтадан берілуге тиіс. Адамды күзетпен ұстау уақыты Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет сотының үкімін орындаудың жалпы мерзіміне есептеледі.

3. Егер ұстап берілген адамды беру оның денсаулық жағдайына байланысты өміріне қауіп төндіруі немесе денсаулық жағдайын нашарлатуы мүмкін болса, оны беру де кейінге қалдырылуы мүмкін. Бұл жағдайда Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке өзінің құзыретті медициналық мекемесі берген толық медициналық қорытындыны ұсынуы қажет.

## 17-бап

### **Заттарды, құжаттар мен дәлелдемелерді алып қою және беру**

1. Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің Сұрау салуы бойынша Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес өз аумағында табылған, қылмыс салдарынан алынған немесе дәлелдеме бола алатын кез келген затты, құжат пен дәлелдемені алып қоюға, тәркілеуге және беруге тиіс.

Бұл жағдайда заттар, құжаттар мен дәлелдемелер Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке мүмкіндігінше ұстап берілген адамды беру кезінде беріледі.

2. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің келісуімен осы баптың 1-тармағында көрсетілген заттар, құжаттар мен дәлелдемелер ұстап берілуге тиіс адамның қайтыс болуына немесе қашып кетуіне байланысты ұстап берілуі мүмкін болмаған жағдайда да Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекеттің сұрау салуы бойынша берілуі мүмкін.

3. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет басқа қылмыстық талқылауды жүргізу мақсатында осы баптың 1-тармағында көрсетілген заттарды, құжаттар мен дәлелдемелерді беруді уақытша кейінге қалдыруға немесе оларды қайтару шартымен беруге құқылы.

4. Алып қойылған немесе тәркіленген заттарды, құжаттар мен дәлелдемелерді Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекетке беру Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің немесе үшінші тараптың құқықтарына нұқсан келтірмей жүзеге асырылады. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекеттің немесе үшінші тараптың сұрау салуы бойынша Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет алынған заттарды, құжаттар мен дәлелдемелерді мүмкін болған кезде өтеусіз қайтарады.

## **18-бап**

### **Транзит**

1. Уағдаласушы мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес және өз мүдделеріне нұқсан келтірместен екінші Уағдаласушы мемлекетке үшінші мемлекет ұстап берген адамдарды өз аумағы арқылы транзиттеуге рұқсат етуге құқылы.

2. Бұл үшін Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекетке орталық орган арқылы не кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (ИНТЕРПОЛ) арқылы тасымалданатын адамның сәйкестендіру деректерін, оның азаматтығы туралы мәліметтерді және істің мән-жайының қысқаша мазмұнын қамтитын транзит туралы сұрау салуды жібереді. Транзит туралы Сұрау салуға адамды ұстап беруді растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

3. Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет өз аумағы арқылы тасымалданатын адамды күзетпен ұстауға тиіс.

4. Егер транзиттеу әуе көлігімен жүзеге асырылса және транзит мемлекетінің аумағында қону көзделмесе, транзиттеуге рұқсат талап етілмейді. Транзит мемлекетінің аумағында жоспарланбаған қону жағдайында транзиттеуді жүзеге асыратын мемлекет бұл туралы транзит мемлекетін дереу хабардар етеді және транзит туралы сұрау салуды күту барысында транзиттеу мемлекеті тасымалданатын адамды он бес (15) тәулікке дейінгі мерзімге күзетпен ұстауға тиіс.

5. Егер осы баптың 4-тармағында көрсетілген мерзімде транзиттеу туралы сұрау салу алынбаса, егер Уағдаласушы мемлекеттер өзгеше ескертпелер жасамаса, адам босатылуға жатады.

## **19-бап**

### **Шығыстар**

1. Осы Шартты іске асыруға байланысты шығыстарды аумағында олар туындаған Уағдаласушы мемлекет өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес жабады. Ұстап берілетін адамды беруге байланысты шығыстарды Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет көтереді.

2. Транзитке байланысты шығыстарды Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет көтереді.

3. Адамды транзиттеу кезінде оны күзетпен ұстауға байланысты шығыстарды Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекет көтереді.

## **20-бап**

### **Нәтижелер туралы хабарлау**

Сұрау салушы Уағдаласушы мемлекет Сұрау салынатын Уағдаласушы мемлекетке ұстап берілген адамға қатысты қылмыстық қудалау, сот талқылауы туралы не сот үкімін орындау туралы ақпаратты не ұстап берілген адамды үшінші мемлекетке экстрадициялау туралы ақпаратты береді.

## **21-бап**

### **Осы Шарттың басқа халықаралық шарттармен арақатынасы**

Осы Шарт Уағдаласушы мемлекеттердің өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **22-бап**

### **Келіспеушіліктерді реттеу**

Осы Шартты қолдану немесе түсіндіру барысында туындайтын кез келген келіспеушілік Уағдаласушы мемлекеттердің орталық органдары арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

## **23-бап**

### **Қорытынды ережелер**

1. Осы Шарт ратификациялауға жатады.

2. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және Уағдаласушы мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

3. Осы Шартқа Уағдаласушы мемлекеттердің өзара келісуі бойынша оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы баптың 2-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

4. Осы Шарт Уағдаласушы мемлекеттердің бірі екіншісінің осы Шарттың қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап бір жүз сексен (180) тәулік өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

5. Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, оның қолданылу кезеңінде басталған ұстап беру бойынша кез келген рәсімдер толық орындалғанға дейін күшінде қалады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қойғандар осы Шартқа қол қойды.

\_\_\_\_\_жылғы \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, хинди және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтін теңтүпнұсқалы болып табылады.

Осы Шарттың мәтіндері арасында алшақтықтар болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Үндістан Республикасы үшін*